



**2023 – 2024 оқу жылына арналған
Мектеп меңгеруші жанындағы кеңестің
ЖОСПАРЫ**

Мерзімі	Мазмұны	Жауапты
Тамыз	1.2023-2024 оқу жылына мектептің дайындығы. 2.Мектеп әкімшілігінің лауазымдық нұсқаулығы, қызметі мен міндеттерімен таныстыру. 3.2023-2024 оқу жылында мұғалімдер мен қызметкерлерді тарифтеу комиссиясын құру, бекіту. 4.Мектепте АСП алатын оқушыларды нақтылап, тізімін бекіту. 5.Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің берілуі. 6.Тәрбие жұмысында нормативтік құжаттардың басшылыққа алынуы 7.Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын бекіту және тексеру	Мектеп меңгерушісі Тәлімгер
Қыркүйек	1.«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясының қорытындысы 2. Оқушылардың Өліппе, Ана тілі пәндерінен білім деңгейлері мен оқу дағдыларын анықтау. 3. Мектеп алды даярлық топтарында «Тіл дамыту» сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықты арттыру жолдары; 4. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы 5. Сабақта өздігімен жұмыс жасауды ұйымдастыру үшін саралау тәсілін қолдану 6. ОМЖ және ҚМЖ әзірлеу және іске асыру сапасын анықтау 7. Сынып сағатының мазмұнына және тәрбиелеу мен оқытудың жаңа тәсілдерін енгізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз ету 8.Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы 9. Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқау беру 10. Алфавиттік кітапты жүргізу талаптарының орындалуы	Мектеп меңгерушісі Медбике Сынып жетекшілер

Қазан	1. 2- 4-сынып оқушыларының бейімделуі және қиындықтарын анықтау 2. 1-4-сыныптардағы математика сабағы(функционалдық сауаттылықты арттыру әдістері) 3. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру жағдайы. 4. Оқушылардың шығармашылық ойлау, оқу дағдыларын анықтау 5. Bilimclass.kz электронды сынып журналдарының толтырылуы және бағалар қорын тексеру қорытындысы. 6.Мұғалімнің әртүрлі формаларды, әдістерді және заманауи технологияларды қолдануы деңгейін анықтау 7. Мемлекеттік тілде іс-қағаздардың жүргізілуі	Мектеп психологі Тәлімгер Медбике
Қараша	1. 1- тоқсан бойынша оқу бағдарламасының орындалуы. 2. 2-4 сынып оқушыларының оқу үлгерімі туралы (1 тоқсан) 3. Мектепшілік олимпиаданы ұйымдастыру. 4.ББЖМ-ға дайындық: оқу сауаттығы, математика, жаратылыстану жағдайы. 5.Bilimclass.kz электронды сынып журналдарының толтырылуын жеке іс-қағаздардың жүргізу жұмысын тексеру қорытындысы: 1) жүргізу тәртібі; 2) балл қою объективтілігі; 3) ТЖБ жұмыстарының нормасының орындалуы; 4) тоқсандық баға; 5) мәліметтердің толтырылуы т.б. 6.Өткен тоқсандағы жеке пәндер бойынша білімнің әкімшілік кесіндісі 7.4-сынып оқушыларының оқу нәтижелері 8.Халықаралық зерттеулерге қатысу дайындығы МОДО 9.Оқу мақсаттарының сабақ мазмұнына сәйкестігін бағалау	ӘБ жетекшісі ӘБ жетекшісі Мектеп меңгерушісі
Желтоқсан	1. 2- сыныптарда ағылшын тілі пәнінің берілу жағдайы. 2. Мектепшілік олимпиадасының қорытындысы бойынша аудандық олимпиадаға қатысатын оқушылардың тізімін бекіту және дайындық жұмысын ұйымдастыру есебі. 3. I жартыжылдық бойынша 2-4 сыныптардың әкімшілік бақылау үзігі қорытындысы. 4.Bilimclass.kz электронды журналдың толтырылу жағдайы. 5. 1-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру; 6. Дарынды және уәжді балалар туралы деректер базасын жаңартудың уақытылы жүргізілуін тексеруді қамтамасыз ету	ӘБ жетекшісі Мектеп меңгерушісі

Қытар	1. II тоқсан бойынша оқу бағдарламасының орындалуы. 2. 2-4 сынып оқушыларының оқу үлгерімі туралы (II тоқсан). Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс. 3. Құқық бұзушылықтың алдын алу жағдайы 4. Жаппай оқыту айлығының барысы: • Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы • Мөлтекаудандарды аралаудың қорытындысы • Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі 5. Бағалау критерийлерін пайдалану мен тапсырмаларға дескрипторларды дұрыс құрастыру деігейін анықтау 6. ҰБДҚ-на оқушылардың тіркелуін бақылау 7. Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысы жоспарларын орындаудың тексеру қорытындысы.	Мектеп менгерушісі
Ақпан	1. Санитарлық-гигиеналық режим 2. Жас педагогтардың кәсіби қынддықтарын анықтау 3. Мектеп құжаттамасын жүргізу (журналдар, дәптерлер, күнделіктер) 4. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ҚР мемлекеттік рәміздерін танудағы білім деңгейін анықтау мақсатында анкета сұрақтарын алу. 5. Bilimclass.kz электронды журналдың толтырылу жағдайы Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану деңгейін анықтау	Медбике Тәлімгер Г.Бакирова
Наурыз	1. III тоқсан бойынша оқу бағдарламасының орындалуы. 2. 2-4 сынып оқушыларының оқу үлгерімі туралы (III тоқсан). Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс. 3. ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының жағдайы. 4. Bilimclass.kz электронды журналдың толтырылу жағдайы 5. Білім беру сапасының төмен болу себебін жоюдың жолдарын табу 6. Сынып сағатының мазмұнына және тәрбиелеу мен оқытудың жаңа тәсілдерін енгізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз ету	А.Шукибаев
Сәуір	1. Бақылау жұмыстарының , БЖБ, ТЖБ-ы қорытындысы. 2. Оқушылармен атқарылған көгалдандыру жұмыстарының қорытындысы. 3. Мамыр айында өткізілетін мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру туралы. 4. Бағалау критерийлерін пайдалану мен тапсырмаларға дескрипторларды дұрыс құрастыру деігейін анықтау 5. Ғылыми конкурстарға қатысудың нәтижелілі	Мектеп менгерушісі Сынып жетекшілер

Мамыр	1.Жылдық бақылау жұмысының қорытындысы (1-4 сыныптар). 2.Жазғы кезеңдегі жұмысты ұйымдастыру. 3.Мектеп маңын көгалдандыру және оқу-тәжірибе үлескісінің жұмыстары. 4.Келесі оқу жылында біліктілікті арттырудың курстық жүйесін қалыптастыру. 5.Мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктері жұмысының қорытындылары. 6. Bilimclass.kz электронды журналдың толтырылу жағдайы	Мектеп менгерушісі А.Шукибаев
Маусым	1.Мектептің өткен оқу жылындағы жұмыстарын талдау 2.Кабинеттерді жана оқу жылына дайындау 3.Мектеп жанындағы лагерьдің жұмысы 4.«4 маусым – ҚР мемлекеттік рәміздері күні» мерекесін ұйымдастырып,өткізу /жеке жоспар бойынша/	Мектеп менгерушісі

Орындаған: Т.Сариева

**№55 Ферма-4 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
менгеруші жанындағы кеңес**

Хаттама №1

31.08.2023ж.

Үшәгаш ауылы

Қатысты-9 адам

Күн тәртібінде:

- 1.2023-2024 оқу жылына мектептің дайындығы.
- 2.Мектеп әкімшілігінің лауазымдық нұсқаулығы, қызметі мен міндеттерімен таныстыру.
- 3.2023-2024 оқу жылында мұғалімдер мен қызметкерлерді тарифтеу комиссиясын құру, бекіту.
- 4.Мектепте АСП алатын оқушыларды нақтылап, тізімін бекіту.
- 5.Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің берілуі.
- 6.Тәрбие жұмысында нормативтік құжаттардың басшылыққа алынуы
- 7.Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын бекіту және тексеру

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп менгерушісі А.Шукибаев сөзге шығып 2023-2024 оқу жылына мектептің дайындығы туралы сөз сөйледі. Жаңа оқу жылына сыныптардың тазалығы мен оны безендіру жұмыстарын атап айтты. Оқу жылының жоспарымен таныстырып өтті. Балалардың толыққанды сабақтарға қатысуын қадағалау және де көрнекі құралдармен қамтамасыз ету, ата-аналармен тығыз байланыс орнатуымыз керек деп өз сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша мектеп менгерушісі А.Шукибаев сөйледі. Ол жаңа оқу жылында мектеп әкімшілігінің лауазымдық нұсқаулығы, қызметі мен міндеттерімен таныстырып шықты. Бұйрыққа сәйкес мектеп қызметкерлері мен лауазымдық тұлғалардың міндеттерін бекітуді ұсынды.

Үшінші мәселе бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылында мұғалімдер мен қызметкерлерді тарифтеу комиссиясын құру және бекіту туралы айтты. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 қаулысына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 14 маусымдағы "Білім ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын есептеу ережесін бекіту туралы" №302 Бұйрығы негізінде барлық мектеп қызметкерлерінің еңбек кітапшасы бойынша еңбек стаждарын есептеп шығу міндеттелді.

Келесі мәселе бойынша мектеп тәлімгері Н.Есалиева 2023-2024 оқу жылында мектеп бойынша АСП әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан 2 оқушы белгілі болғанын, ЦОНнан анықтама әкеліп тапсырғанын айтты. Оқушылардың тізімдері нақтыланып, бекітіліп ауданға өткізу туралы айтты.

Бесінші мәселе бойынша мектеп менгерушісі сөзге шығып, Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің 04.08.2023 ж №156-н/қ бұйрығына сәйкес оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендердің кестеге сәйкес таратылғанын айтты.

Алтыншы мәселе бойынша мектеп менгерушісі А.Шукибаев шығып, тәрбие жұмысында нормативтік құжаттардың басшылыққа алынуы туралы сөйледі. Тәрбие жұмысының жоспары жасалып, бекітілуін және бағыттар бойынша жұмыс жасауды

ұсынды. Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын бекіту және тексеру туралы сөйледі.

Кеңес қаулы етеді:

1. 2023-2024 оқу жылына мектептің дайындығы, безендіру жұмыстары күшейтілсін.
2. Мектеп әкімшілігінің лауазымдық нұсқаулығы, қызметі мен міндеттерімен таныстырылып, бекітілсін.
3. 2023-2024 жана оқу жылында мұғалімдер мен қызметкерлерді тарифтеу комиссиясын құрылып, бекітілсін. Тиісті жұмыстар жүргізілсін.
4. Мектепте АСП алатын оқушыларды нақтыланып, тізімі бекітіліп, ауданға тапсыру Н.Есалиеваға тапсырылсын.
5. Таратылған оқулықтардың ұқыпты ұсталуын сынып жетекшілерге тапсырылсын.
6. Тәрбие жұмысында нормативтік құжаттардың басшылыққа алынсын.
7. Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспары бекітілсін.

Мектеп меңгерушісі

Хатшы:



А.Шукибаев

Т.Сариева

**№55 Ферма-4 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
менгеруші жанындағы кеңес**

Хаттама №2

12.09.2023ж.

Үшағаш ауылы

Қатысты-9 адам

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясының қорытындысы.
2. Оқушылардың Әліппе, Ана тілі пәндерінен білім деңгейлері мен оқу дағдыларын анықтау.
3. Мектеп алды даярлық топтарында «Тіл дамыту» сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықты арттыру жолдары;
4. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы
5. Сабақта өздігімен жұмыс жасауды ұйымдастыру үшін саралау тәсілін қолдану
6. ОМЖ және ҚМЖ әзірлеу және іске асыру сапасын анықтау
7. Сынып сағатының мазмұнына және тәрбиелеу мен оқытудың жаңа тәсілдерін енгізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз ету
8. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы
9. Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқау беру
10. Алфавиттік кітапты жүргізу талаптарының орындалуы

Тыңдалды:

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы барысында АСП әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың тізімі анықталып, бекітіліп, үкімет тарапынан ақшалай көмек көрсетілді. Ақша тізімде анықталған оқушының ата-анасының есепшотына түсірілді.

Екінші мәселе бойынша мектеп менгерушісі А.Шукибаев оқушылардың Әліппе, Ана тілі пәндерінен білім деңгейлерін анықтау бойынша сынып жетекшілерге оқушыларды көптеп кітап оқытып, бұрын мен оқу жұмыстарын қолға алып оқу деңгейін жақсартыңыздар деп ұсыныс тастап өз сөзін ақтады.

Үшінші мәселе бойынша сынып жетекшілер арасында пікір талас болып мектеп алды даярлық тобында «Тіл дамыту» сабақтарында оқушылардың сауаттылығын арттыру мақсатында түрлі пікір таластар болды. Оқушылардың тілін дамыту бойынша көптеп жұмыстар жүргізіліп қызығушылығын ояту керек. Қазіргі балалардың көбісінің тілінде кемістігі бар екендігі және балаларды үйде дұрыс сөйлестіріп, тіліне көмек беруі керектігі айтылып өтті.

Төртінші мәселе бойынша мектеп менгерушісі А.Шукибаев сөз алып үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу жолдары жаңа оқу жылы басталмай тұрып жұмыс жоспары мен оны жүргізудің әдіс-тәсілдері бірлестік отырысында талқыланып белгіленіп алады үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу үшін алдымен оларды арнайы зерттеңіздер. Оқушыны зерттеуде мына мәселелерге аса назар аударыңыздар. Ұжыммен, ортамен қарым-қатынасы оқу- тәрбие процесіне ықпалы және қоғамдық және үй жұмыстарына араласуы байқап көріңіздер.

Бесінші мәселе бойынша мектеп менгерушісі А.Шукибаев сабақта өздігімен жұмыс жасауды ұйымдастыру үшін саралау тәсілдерін қолдану жайлы айттып өтті. Кэрол Энн Томлинсон саралап оқытуды балаларды жеке оқыту стильдері мен ұйымдастырылған оқу қызметі ретінде сипаттайды. Зерттеу нәтижелері бойынша, саралап оқытудың тиімділігі бұл әдістің оқуда әртүрлі қиындықтары бар балалардың немесе қабілетті, дарынды балалардың оқуына пайдалы болуында.

Барлық балалардың оқып-үйрену деңгейі немесе қабілеттері бірдей емес. Саралап оқыту алдын ала ойластырылған үдеріс болып табылады. Әрбір баланың өзіндік оқып-үйрену стилі болады. Соларды ескеру арқылы балалардың барлығына да табысты болуға көмектесу. Алтыншы мәселе бойынша мектептің әдістемелік бірлестік жетекшісі Ж.Жаксыбаева сөзге шығып, ОМЖ және ҚМЖ әзірлеу және іске асыру сапасын анықтау туралы айтып өтті.

Жетінші мәселе бойынша мектеп меңгерушілері А.Шукибаев Сынып сағатының мазмұнына және тәрбиелеу мен оқытудың жана тәсілдерін енгізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз ету бойынша біраз мәселелер қарастырылып мұғалімдер арасында пікір талас болды.

Күн тәртібіндегі сегізінші мәселе бойынша мектептің тәлімгері Н.Есалиева сөзге шығып 2023-2024 оқу жылындағы 1-4 сынып оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы туралы айтып өтті. Биылғы оқу жылындағы өзгерістердің бірі 1-4 сынып оқушылары түгел тегін ыстық тамақпен қамтылатындығын, біздің мектепте қазіргі таңда 1-4 сынып аралығында 46 оқушы ыстық тамақпен қамтылу жоспарлануда. Бұл бағытта мектептен арнайы оқушылардың тамақ ішуі үшін 20 орын дайындалып, мектепте асхананың жоқтығына байланысты Жақын маңдағы №51 Ы.Алтынсарин ЖОМ-нен тамақты тасымалдау жағы қарастырылуда екендігін айтты.

Мектеп меңгерушісі А.Шукибаев ұжымда еңбек қауіпсіздік қорғау жұмысын ұйымдастыру, техника қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы және оның ережелерімен таныстырды. Техникалық қызметкерлердің арнайы киіммен жүруін, арнайы химиялық заттарды қолдануында мұқият болуын айтты. Кіші қызметкерлерге еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелерінің нұсқаулығымен таныстырып, танысқаны жөнінде қол қойдыруды ұсынды.

Мектеп іс-жүргізушісі Т.Сариева сыныптардың жеке іс қағаздарының жүргізілуін айтты. Жанадан келген бірінші сынып оқушыларының құжаттарында сурет жоқтығын, алдыруды айтты. Әр сынып жетекшілер оқушыларының жеке іс қағаздарын бір тексеруден өткізу керектігін жеткізді.

Қаулы етілді:

1. «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы арқырай жалғасын тапсын.
2. Оқушылардың Әліппе, Ана тілі пәндерінен білім деңгейлері мен оқу дағдыларын анықтау бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. Мектеп алды даярлық топтарында «Тіл дамыту» сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықты арттыру жолдары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
4. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы қанағаттанарлы деп табылсын.
5. Сабақта өздігімен жұмыс жасауды ұйымдастыру үшін саралау тәсілін қолдану бойынша жоспарлар жасалынсын.
6. ОМЖ және ҚМЖ әзірлеу және іске асыру сапасын анықтау, қадағалау мектеп меңгерушісіне А.Шукибаевқа жүктелсін.
7. Сынып сағатының мазмұнына және тәрбиелеу мен оқытудың жана тәсілдерін енгізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз ету қанағаттанарлы деп табылсын.
8. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастыруды мектеп тәлімгері Н.Есалиеваға міндеттелсін.
9. Мектепте еңбек қауіпсіздік қорғау жұмысын ұйымдастырылып, техника қауіпсіздігі ережелері сақталсын.
10. Алфавиттік кітапты жүргізу талаптарының орындалып, жүргізілуын мектеп хатшысы Т.Сариеваға жүктелсін.

Мектеп меңгерушісі

А.Шукибаев

Хатшы:

Т.Сариева



**№55 Ферма-4 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
менгеруші жаыындагы кеңес**

Хаттама №3

13.10.2023 ж

Үшағаш ауылы

Қатысты-9 адам

Күн тәртібінде:

1. 2- 4-сынып оқушыларының бейімделуі және қиындықтарын анықтау
2. 1-4-сыныптардағы математика сабағы(функционалдық сауаттылықты арттыру әдістері)
3. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру жағдайы.
4. Оқушылардың шығармашылық ойлау, оқу дағдыларын анықтау
5. Bilimclass.kz электронды сынып журналдарының толтырылуы және бағалар қорын тексеру қорытындысы.
6. Мұғалімнің әртүрлі формаларды, әдістерді және заманауи технологияларды қолдануы деңгейін анықтау
7. Мемлекеттік тілде іс-қағаздардың жүргізілуі

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша 2- 4-сынып оқушыларының бейімделуі және қиындықтарын

анықтау барысында мектеп педагог психологы Ж.Қыдыралиева сөз алды. Оқушылар мен мектепке бейімделуін мен қиындықтарын анықтау мақсатында әр түрлі тренингтер өтті. Бала жасына сай тесттер алып және коучинг өтті.

Екінші мәселе бойынша мектеп менгерушісі А.Шукибаев баланың жас ерекшелігін ескере отырып математикадан түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы, білімнің беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, интеллектуалды деңгейін көтеру кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең істеуін, логикалық ойлау және функционалдық сауаттылық қабілеттерін артып, кеңінен іс жүзінде қолдануды талап етеді. Оқуға қабілеттілік деп оқушының неғұрлым қысқа мерзім ішінде білімнің биік деңгейіне жету қабілетін түсінеміз. Сондай ақ, математика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту өзекті мәселе етіп қойдым деп өз сөзін аяқтады.

Үшінші мәселе бойынша мектеп сынып жетекшісі С.Қасымбекова сөз алды. Жетістіктерге жету үшін мынадай әдістемелік жұмыстар атқарылуы керектігіне көзім жетті:

- а) оқушылармен жұмыс жасауда олардың әрқайсысына тұлға ретінде қарап, олардың әрқайсысының оқу үлгерімін анықтап, тиімді пайдалану жолдарын іздеу;
- ә) әрбір оқушының ішкі шығармашыл потенциалын ашуға көмектесу;
- б) оқушының ата – анасына педагогикалық – психологиялық көмек көрсете білу, өйткені баланың көңіл – күйінің тыныш болуы, жұмысқа белсенді төселе алуы үй іші атмосферсына да байланысты, яғни ата – анасы да баланы қолдап, көмек жасауына ықпал етуіміз керек деп сөзін аяқтады.

Төртінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі Г.Бакирова өз ойын айта кетті. Мұғалім өз ісіне ізденімпаздықпен қарап, сабақты шығармашылықпен өткізу. Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді. Жоғарыда аталған мәселенің екінші тармағына тоқталатын болсақ, қызығушылық, ақыл-ойды

жетілдіру жеке адам тәрбиесінде байланыстырушы буын болып табылады. Бастауыш класс оқушыларында жаңа, өзі білмейтін іске деген қызығушылық басым болады. Ондай істер баланың бар ақыл-ойын, ішкі күштерін жұмылдырады және ерекше қуат береді деп айтып кетті.

Bilimclass.kz электронды сынып журналдарының толтырылуы және бағалар қорын тексеру қорытындысы бойынша мектеп мұғалімі Х.Оналбаева қанағаттанарлы деп қорытындылады.

Алтыншы мәселе бойынша мұғалімнің әртүрлі формаларды, әдістерді және заманауи технологияларды қолдануы деңгейін анықтау бойынша мектеп меңгерушісі А.Шукибаев жаңартылған білім берудің маңыздылығы маман даярлауда « Өмірлік білімнен өмір бойы білім алу» қағидасына лайық болу тиіс. Оқыту кезінде жаңа тәсілдермен сабақ берудің мақсаты пәнді жан жақты түсіну қабілетін дамыту болып саналады. Сабақты оқыту әдістерін үнемі түрлендіріп жаңа деңгейде өтініздер деп өз сөзін аяқтады.

Жарыс сөзге мектеп меңгерушісі А.Шукибаев шығып, электронды журналды сапалы, уақытылы, жауапкершілікпен толтыру керек екендігін барлық мұғалімдерге ескертті. Мемлекеттік тілде іс-қағаздардың жүргізілуі туралы мектеп іс-жүргізушісі сөйлеп, ол мектептің барлық құжаттары мемлекеттік тілде жүргіліп жатқандығын атап айтты.

Қаулы етілді.

1. 2- 4-сынып оқушыларының бейімделуі және қиындықтарын анықтау үшін қажет жұмыстар жүргізілсін.
2. 1-4-сыныптардағы математика сабағы бойынша балалардың сауаттылығын арттыру бойынша түрлі әдіс тәсілдер қолданылсын.
3. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру жағдайы қанағаттанарлы деп
- 4 Оқушылардың шығармашылық ойлау, оқу дағдыларын анықтау бойынша жұмыстар жүргізілсін.
5. Bilimclass.kz электронды сынып журналдарының толтырылуы және бағалар қорын тексеру қорытындысы қанағаттанарлы деп табылсын.
- 6.Мұғалімнің әртүрлі формаларды, әдістерді және заманауи технологияларды қолдануы деңгейін анықтау үшін жаңа форматта жұмыс жасалсын.
7. Мектеп іс-қағаздардың мемлекеттік тілде жүргізілсін.

Мектеп меңгерушісі

А.Шукибаев

Хатшы

Т.Сариева



**№55 Ферма-4 бастауыш мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
менгеруші жанындағы кеңес**

Хаттама №4

04.11.2023 ж

Үшағаш ауылы

Қатысты-9 адам

Күн тәртібінде:

1. 1-токсан бойынша оқу бағдарламасының орындалуы.
2. 2-4 сынып оқушыларының оқу үлгерімі туралы (1 токсан)
3. Мектепшілік олимпиаданы ұйымдастыру.
- 4.ББЖМ-ға дайындық: математика, қазақ тілі, орыс тілі жағдайы.
- 5.Bilimclass.kz электронды сынып журналдарының толтырылуын жеке іс-қағаздардың жүргізу жұмысын тексеру қорытындысы:
 - 1) жүргізу тәртібі;
 - 2) балл қою объективтілігі;
 - 3) ТЖБ жұмыстарының нормасының орындалуы;
 - 4) тоқсандық баға;
 - 5) мәліметтердің толтырылуы т.б.
- 6.Өткен тоқсандағы жеке пәндер бойынша білімнің әкімшілік кесіндісі
- 7.Оқу мақсаттарының сабақ мазмұнына сәйкестігін бағалау

Тыңдалды:

Мектепте 1-4 сынып оқушыларының 1-токсан бойынша оқу бағдарламасының орындалуы жөнінде мектеп менгеруші А.Шукибаев сөз алды. Ол осы тоқсандағы оқу бағдарламасы орындалғанын, екінші тоқсанда сапалы орындау керектігі жөнінде айтты. Келесі күн тәртібіндегі мәселе 2-4 сынып оқушыларының оқу үлгерімі туралы (1 токсан)

ӘБ жетекшісі Ж.Жаксыбаева сөз алып, Кесте бойынша мәлімет берді.

№	сынып	Оқушы саны	оқу озаты	Екпін ділер	Үлгеру ші лер	Бір пән бойын ша «4»	Бір пән бойын ша «3»	сапа	Үлгер ім сапа	Орта балл
1	2	9	1	4	4	0	1	55,5%	100	3,86
2	3	14	0	5	9	2	4	35,7%	100	3,91
3	4	10	1	3	6	1	1	40%	100	3,9
Барлығы		33	2	12	19	3	6	42,4%	100	3,89

Мектепшілік олимпиада іс шара жоспары бекітіліп, ұйымдастыру туралы Ж.Жаксыбаева сөйледі. 3-4 сынып оқушылары арасында материалдар дайын, бұйрық шығару туралы айтты. Қатысатын оқушыларды сыныптар арасында іріктеу жұмыстары жүргізілу керектігін айтты. ББЖМ-ға дайындық: математика, қазақ тілі, орыс тілі жағдайын мектеп мұғалімі З.Балғабаева сөз алып, оқушылардан тест жұмыстары алынып, мониторин жүргізіліп жатқанын айтты.

Bilimclass.kz электронды сынып журналдарының толтырылуы және бағалар қорын тексеру қорытындысы бойынша жауапты Г.Бакирова жұмыс жүргізу керектігін айтты. Тоқсандық бағалар қойылып, журналдар толық жабылды. Екінші тоқсанда 2-4 сыныптарда алынатын БЖБ баллдары уақысында электронды журналға қойылуын ескертті.

ӘБ жетекшісі Ж.Жақсыбаева өткен тоқсандағы жеке пәндер бойынша білімнің әкімшілік кесіндісі және 4-сынып оқушыларының оқу нәтижелері бойынша көрсетілген кесте бойынша талдау жұмыстарын жасап, түсіндірді. Нәтиже жақсы, келесі тоқсанда одан да жақсы көрсеткіш көрсету керектігін айта кетті.

ӘБ жиналысында барлық сынып пәндерінің оқу мақсаттарының сабақ мазмұнына сәйкестігін бағалау жұмыстарын ҚМЖ тексеру бойынша, сабаққа ену бойынша салыптырылып, талқыланып туралы Ж.Жақсыбаева сөйледі.

Жетінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі А.Шукибаев сөз алып Бастауыш білім беру ұйымдарында ББЖМ білім беру ұйымдарынан тәуелсіз, оқыту сапасын жүйелі бақылау, бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында жүзеге асырылады.

ББЖМ әдістемелік көмек көрсету және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, дайындық пен өткізуді, тестілеу нәтижелерін өңдеу мен жүйелі талдауды қамтиды.

Келесі мәселе бойынша оқу мақсаттарының сабақ мазмұнына сәйкестігін бағалау бойынша мектеп меңгерушісі А.Шукибаев түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Әр кезеңде оқушылардың іс әрекетіне дұрыс тапсырмалар беру, бағдарлама талаптарына сай келуі, әртүрлі тапсырмаларды орындауға көмек көмектесіңіздер деп өз сөзін аяқтады.

Қаулы етеді:

- 1- тоқсан бойынша оқу бағдарламасының орындалуы қанағаттанарлы
2. 2-4 сынып оқушыларының оқу үлгерімі туралы (1 тоқсан) қанағаттанарлы
3. Мектепшілік олимпиаданы ұйымдастырып өткізу Ж.Жақсыбаеваға жүктелсін.
- 4.ББЖМ-ға дайындық: математика, қазақ тілі, орыс тілі жағдайы екінші тоқсанда да осы жұмыстар жүргізу сынып жетекшіге тапсырылсын.
- 5.Bilimclass.kz электронды сынып журналдарының толтырылуын жеке іс-қағаздардың жүргізу жұмысын тексеру Г.Бакироваға жүктелсін.
- 6.Оқу мақсаттарының сабақ мазмұнына сәйкестігін бағалау қанағаттанарлы деп есептелсін.

Мектеп меңгерушісі

Хатшы



А.Шукибаев

Т.Сариева

**№55 Ферма-4 бастауыш мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
меңгеруші жанындағы кеңес**

Хаттама №5

22.12.2023ж.

Үшағаш ауылы

Қатысты-9 адам

Күн тәртібінде:

1. 3-4 сыныптарда ағылшын тілі пәнінің берілу жағдайы.
2. Мектепшілік олимпиадасының қорытындысы бойынша аудандық олимпиадаға қатысатын оқушылардың тізімін бекіту және дайындық жұмысын ұйымдастыру есебі.
3. I жартыжылдық бойынша 2-4 сыныптардың әкімшілік бақылау қорытындысы.
4. Bilimclass.kz электронды журналдың толтырылу жағдайы.
5. 1-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру;
6. Дарынды және уәжілі балалар туралы деректер базасын жаңартудың уақытылы жүргізілуін тексеруді қамтамасыз ету

Тыңдалды:

Мектепте 3-4 сыныптарда ағылшын анықтау мақсатында әдістемелік бірлестік жетекшісі Ж.Жаксыбаева сөз алды. 3-4 сынып оқушылары сабаққа бейімделген, топқа бірігу және өзіндік жұмыстарға сабақтарда белсенді қатысып отырды. Кейбір оқушылар (словарь) аударма сөздерді жаттамаған. Атап айтсақ 3 сынып оқушылары Нышан Мейіржан, Эдилхан Айзере және Ғұлам Аамат. Пән мұғаліміне ағылшын тілі сабағында көбірек аударма жұмыстарын жүргізілуі керектігі ұсынылды. Екінші мәселе бойынша Ж.Жаксыбаева мектепшілік олимпиада қорытындысы бойынша аудандық олимпиадаға қатысатын оқушылардың тізімі бұйрықпен апарып қатыстыруға жауапты мұғалімдер бекітілуі туралы айтты.

Келесі мәселе бойынша I жартыжылдық бойынша 2-4 сыныптарда мектепшілік бақылау қорытындысы жүргізілетінін айтты. 2-4 сыныптарға мониторинг жасау Ж.Жаксыбаеваға жүктелсін.

Bilimclass.kz электронды сынып журналдарының толтырылуы бойынша жауапты Г.Бакирова сөйледі. Сөзінде электронды журналдар уақтылы толтырылуын 2-4 сыныптарда алынып жатқан БЖБ баллдары уақтысында электронды журналға қойылуын ескертті. Екінші тоқсан қорытынды бағалар уақтысында қойылуын пән мұғалімдеріне жүктеді.

Мектепшілік бақылауға сай оқушылардың оқу жылдамдығын 2 тоқсан бойынша 1-4 сыныптарда Ә.Б. жетекшісі Ж.Жаксыбаева тексерді.

1- сыныпта оқу нормасы 10-20 сөз. Оқу жылдамдығын тексеру барысында 2 оқушы нормаға сай –сөз оқыды.

2 сыныпта барлығы 9 оқушы Оқу нормасы 29-40 сөз. Оқу жылдамдығын тексеру барысында 1 оқушы, нормадан жоғары 52 сөз оқыды, 1 оқушы нормадан төмен 15 сөз оқыды.

3 - сыныпта барлығы 14 оқушы. Оқу нормасы 49-60 сөз. Оқу жылдамдығын тексеру барысында 5 оқушы нормада сөз оқыды, 2 оқушы нормадан төмен сөз оқыды.

4-сыныпта барлығы 12 оқушы. Олардың ішінде екі оқушы «Жеңіл ақыл ойы кемістігі» бойынша үйде оқытылады. Оқу нормасы 69-80 сөз. Оқу жылдамдығын тексеру барысында 8 оқушы да нормада оқыды.

Ұсыныс: оқу жылдамдығы қорытындысы бойынша аталған сынып мұғалімдеріне ұсыныс.

1. Жақсы оқитын оқушылармен жұмысты жалғастыру;
2. Қосымша әдеби кітаптар оқыту,
3. Кітапхана сағаттарын ұйымдастыру;
4. Оқу жылдамдығы төмен оқушылармен ата-анасымен бірлесе отырып жұмыс өткізу.

Келесі мәселе бойынша мектеп меңгерушісі А.Шукибаев сөз алып дарынды және уәжді балалар туралы деректер базасын жаңартудың уақытылы жүргізілуін тексеру камтамасыз ету барлық мұғалімдерден білім алушылардың тізімі анықталып, олармен атқарылатын жұмыс жоспары жинақталып, бекітіліп, тиісті жұмыстарды, қосымша сабақтар т.б жұмыстарды атқаруын бақылау жасалынууда.

Қаулы етеді:

1. 3-4 сыныптарда ағылшын тілі пәнінің берілу жағдайы бойынша қателіктер болмауын пән мұғалімі Г.Уржимбаеваға тапсырды.
2. Мектепшілік олимпиадасының қорытындысы бойынша аудандық олимпиадаға қатысатын оқушыларды апарып әкелу Ж.Жаксыбаева мен Г.Абдуадироваға жүктелсін.
3. I жартыжылдық бойынша 2-4 сыныптардың әкімшілік бақылау қорытындысы бойынша мониторинг жасалыну Ж.жаксыбаеваға тапсырылсын.
4. Bilimclass.kz электронды журналы мұқият толтырылу пән мұғалімдеріне жүктелсін.
5. 1-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру бойынша сынып жетекшілерге тапсырылсын.
6. Дарынды және уәжді балалар туралы деректер базасын жаңартудың уақытылы жүргізілуін тексеруді камтамасыз ету қанағаттанарлы деп табылсын.

Мектеп меңгерушісі

Хатшы



А.Шукибаев

Т.Сариева

**№55 Ферма-4 бастауыш мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
менгеруші жанындағы кеңес**

Хаттама №6

31.01.2024ж.

Үшағаш ауылы

Қатысты-9 адам

Күн тәртібінде:

1. II тоқсан бойынша оқу бағдарламасының орындалуы.
2. 2-4 сынып оқушыларының оқу үлгерімі туралы (II тоқсан). Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс.
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу жағдайы
4. Жаппай оқыту айлығының барысы:
 - Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы
 - Мөлтекаудандарды аралаудың қорытындысы
 - Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі
5. Бағалау критерийлерін пайдалану мен тапсырмаларға дескрипторларды дұрыс құрастыру деңгейін анықтау.
6. ҰБДҚ-на оқушылардың тіркелуін бақылау
7. Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысы жоспарларын орындаудың тексеру қорытындысы.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп менгерушісі А.Шукибаев пен бірлестік жетекші Ж.Жаксыбаева екеуі сөз алып, Мектеп жүйесінің жұмысының нәтижелері оқушыларының білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжым құрамы алдында білім беру ортасының инновациялық потенциалы негізінде сапа көрсеткіштерінің үнемі жақсаруын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Мектепте 46 білім алушы оқиды, 4 сынып-комплект. 2023-2024 оқу жылын 2-4 сынып оқушылары 33 оқушымен, 39,3% білім сапасымен аяқтадық.

1-сыныпқа 11 оқушы қабылданды, кеткен оқушы жоқ.

2023-2024 оқу жылын МАД сыныбымен қоса 56 оқушымен бастадық.

№	сынып	Оқушы саны	үздіктер	екпінділер	үлгермеушілер	Сапа%	үлгерім%
1	2	9	1	3	0	44,4%	100
2	3	14	0	5	0	35,7%	100
3	4	10	2	2	0	40%	100
Қортынды 2-4		33	3	10	0	39,3	100

- 50 пайыздан төмен білім сапасын көрсеткен пәндер бойынша сабақ беретін пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек ұйымдастыру;

Үшінші мәселе бойынша мектеп педогог психологы Ж.Қыдыралиева мен аға тәлімгер Н.Есалтеева екеуі бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі балалар мен жас өспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, көбінесе отбасылық жағдайы нашар демалыс мезгілі ойластырылмаған өздері мен өздері бас болып жүретіндер жатады деп сөздерін аяқтады.

Төртінші мәселе бойынша оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша мектеп тәлімгері Н.Есалиева сөз алды. Сабақ басталысымен сынып оқушыларының түгелдеп, сабаққа келмеген оқушы жайлы сынып жетекшілерге хабарлап себебін анықтайды. Қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айларында себепсіз қалған оқушылар жоқ екендігі анықталды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп тәлімгері Н.Есалиева сөзге шығып 2023-2024 оқу жылындағы 1-4 сынып оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы туралы айтып өтті. Биылғы оқу жылындағы өзгерістердің бірі 1-4 сынып оқушылары түгел тегін ыстық тамақпен қамтылатындығын, біздің мектепте қазіргі таңда 1-4 сынып аралығында 46 оқушы ыстық тамақпен қамтылып жатыр. Бұл бағытта мектептен арнайы оқушылардың тамақ ішуі үшін асхананың жоқтығына байланысты жеке кәсіпкерлермен тамақты тасымалданып жатыр.

Келесі мәселесі бойынша мектеп меңгерушісі А.Шукибаев сөз алды. Сабақтың басты міндеті - оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсаттарынан туындайды. Сабақ мақсаты да, бағалау критерийлері мен тапсырмалар да осы бағытта құрастырылады. Бұл туралы әр пәннің оқу бағдарламаларында былайша жазылған: «Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады. Алтыншы мәселе бойынша мектеп меңгерушісі А.Шукибаев сөз алып ҰБДҚ-ға оқушылардың тіркелуі 100% орындалып жатыр.

Жетінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі А.Шукибаев сөз алып сынып жетекшінің тәрбие жұмыс жоспары бойынша оқушылардың диагностикалық зерттеу жұмысының нәтижесіне сүйеніп оның мақсатын анықтады.

Қаулы етіледі:

1. II тоқсан бойынша оқу бағдарламасының орындалуы қанағаттанарлы деп табылсын.
2. 2-4 сынып оқушыларының оқу үлгерімі туралы (II тоқсан) қанағаттанарлы. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысы сапаны жоғарлату үшін жұмыстар жүргізілсін.
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу жағдайы қанағаттанарлы.
4. Жаппай оқыту айлығының барысы қанағаттанарлы.
5. Бағалау критерийлерін пайдалану мен тапсырмаларға дескрипторларды дұрыс құрастыру деңгейін анықтау жүзеге асырылсын.
6. ҰБДҚ-на оқушылардың тіркелуін бақылау қанағаттанарлы деп табылсын.
7. Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысы жоспарларын орындаудың тексеру қорытындысы қанағаттанарлы деп табылсын.

Мектеп меңгерушісі

А.Шукибаев

Хатшы

Т.Сариева



**№55 Ферма-4 бастауыш мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
менгеруші жағындағы кеңес**

Хаттама №7

27.02.2023 ж

Үшәгаш ауылы

Қатысты-9 адам

Күн тәртібінде:

1. Санитарлық-гигиеналық режим
 2. Жас педагогтардың кәсіби қиындықтарын анықтау
 3. Мектеп құжаттамасын жүргізу (журналдар, дәптерлер, күнделіктер)
 4. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ҚР мемлекеттік рәміздерін танудағы білім деңгейін анықтау мақсатында анкета сұрақтарын алу.
 5. Bilimclass.kz электронды журналдың толтырылу жағдайы
- Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану деңгейін анықтау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе туралы мектеп медбикесі А.Шерманова сөзге шығып мұғалімдер мен оқушылар арасында санитарлық гигиеналық нормалардың сақталуы туралы баяндама жасап, түсіндіру жұмыстары туралы айтты.

Тәрбие жұмысы жоспарларын орындаудың тексеру бойынша мектеп тәлімгері Н.Есалиева сөз алды. Оқушының дүниетанымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту арқылы оқу мен тәрбие жұмысында жаңашыл іс әрекетпен шығармашыл тұлға тәрбиелеу. 2023-2024 жылға ҚР БҒМ Жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілді.

Үшінші мәселе бойынша мектеп менгерушісі А.Шукибаев сөз алып сынып жетекшілерге оқушылар арасында мектеп ішлік бақылау жұмыстарын алып күнделік, дәптері тексеріліп тиісті бағаларын қоюды тапсырды. Төмен баға алғандармен жеке жұмыс жасауын айтып өтті.

Төртінші мәселе бойынша мектеп педагог психологы Ж.Қыдырәлиева сөз алды. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ҚР мемлекеттік рәміздерін танудағы білім деңгейін анықтау мақсатында анкета сұрақтарын дайындап, әр сыныпқа оқушылардың деңгейіне

Бесінші мәселе бойынша жауапты Г.Бакирова Bilimclass.kz электронды журналдың толтырылу жағдайы жақсы деңгейде жүріп жатыр. Уақытылы толтырылып, уақытылы бағалар қойылып жатыр туралы мәлімдеді. Төмен білім сапасын көрсеткен пән мұғалімдеріне алдағы уақытта оқушылардың білім сапасын көтеру бағытындағы жұмыстарды жандандыру керектігі жайлы айтты.

Қаулы етеді:

1. Санитарлық -гигиеналық режим қанағаттанарлы деп табылсын.
2. Тәрбие жұмысы жоспарларын орындаудың тексеру қорытындысы қанағаттанарлы
3. Мектеп құжаттамасын жүргізу (журналдар дәптерлер күнделіктер) қанағаттанарлы деп табылсын.

4. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ҚР мемлекеттік рәміздерін танудағы білім деңгейін анықтау мақсатында анкета сұрақтарын алу қанағаттанарлы
5. Bilimclass.kz электронды сынып журналдарының толтырылуын қадағалау , жауапты маман жүктелсін.

Мектеп меңгерушісі

Хатшы:



А.Шукибаев

Т.Сариева

**«№55 Ферма-4 бастауыш мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
менгеруші жапындағы кенес**

Хаттама №8

28.03.2024 ж

Үшағаш ауылы

Қатысты-9 адам

- 1.3- тоқсан бойынша оқу бағдарламасының орындалуы
- 2.2-4 сынып оқушыларының оқу үлгерімі туралы. Үлгерімі төмен оқушымен жұмыс.
- 3.ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының жағдайы.
4. Bilimclass электронды журналдың толтырылу жағдайы
5. Сынып сағатының мазмұнына және тәрбиелеу мен оқытудың жаңа тәсілдерін енгізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз ету

Тыңдалады:

1. Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша мектеп менгерушісі А.Шукибаев сөзге шығып. II-тоқсан оқу бағдарламасы толық менгерілді. Оны мектепте мониторинг жасау арқылы оқушылардың БЖБ, ТЖБ пайыздарынан көруге болатынын айтты.

Екінші мәселе бойынша. 2-4 сынып оқушыларының оқу үлгерімі III-тоқсан бойынша мектеп координаторы сөйледі. «Bilimclass.kz» -тен алынған үлгерім, сапа туралы айтып өтті.

3- тоқсан

№	сынып	Оқушы саны	үздіктер	екпінділер	үлгермеушілер	Сапа%	үлгерім%
1	2	10	1	4	0	50%	100
2	3	11	2	4	0	54%	100
3	4	24	3	19	0	50%	100
Қортынды 2-4		45	6	27	0	51,1	100

- 54,5 пайыздан төмен білім сапасын көрсеткен пәндер бойынша сабақ беретін пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек ұйымдастыру;

3.Үшінші мәселе бойынша А.Шукибаев сөйлеп, 4 сыныптарында ББЖМ-ға дайындық соның ішінде математика, оқу сауаттылығы, жаратылыстану пәнінің жағдайы, тест тапсырмаларын әр аптада алу керектігін айтты. Алынған тест тапсырмаларын мониторинг арқылы салыстыру жұмыстарын жүргізуді сынып жетекшілер Ж.Жақсыбаеваға міндеттеді. Орыс тілі пәнінің орнына жаратылыстану пәнінен алынуын тапсырды.

4.Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі Г.Бакирова сөзге шығып Bilimclass.kz электронды журналының толтыру барысы туралы мұғалімдерге электронды журнал қатаң есептегі құжат екендігін және сапалы толтыру керектігін ескертті. Сонымен қатар тоқсан барысында оқушылардың сабаққа қатысымы жайлы сөз қозғады. Оқушылардың сабаққа қатысымы бойынша жасалған мониторингтің қорытындысы бойынша оқушылары көптеп сабақтан қалатын 1-сынып екендігі анықталды. Мектеп менгерушісі С.Қасымбековаға алдағы уақытта оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауы үшін ата-аналармен оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу керектігін сынып жетекшілерге ескертті.

5. Бесінші мәселе бойынша мектеп менгерушісі А.Шукибаев сөз алып. Сыныптан тыс жұмыстың негізгі түрі – сынып сағаты. Сынып сағаты – бұл тәрбие жұмысының бір

түрі, онда білім алушылар мұғалімнің жетекшілігімен қоршаған әлемге деген қарым-қатынас жүйесін қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған іс-шараларға қатысады. Ресей мемлекеті мектептерінде сынып сағаты мектептегі тәрбиенің негізгі формаларының бірі ретінде саналады. Ресейде сынып сағатының екі негізгі түрі қарастырылған: тақырыптық және сыныптағы ағымдағы мәселелер бойынша қарым-қатынас сағаты. Сынып сағаттарының тақырыбы әртүрлі және ол алдын-ала анықталады және сынып жетекшілерінің жоспарларында көрініс тауып, жұмыстар жүргізілсін деп өз сөзін аяқтады.

Қаулы етеді:

- 1.3- тоқсан бойынша оқу бағдарламасының орындалуы қанағаттанарлы деп есептелсін.
- 2.2-4 сынып оқушыларының оқу үлгерімі қанағаттанарлы, үшінші тоқсанда үлгерім, сапаны жоғарлату үшін жұмыс жүргізілген.
- 3.ББЖМ-ға дайындық тест тапсырмаларын алу сынып жетекшілерге жүктелсін.
4. Bilimclass электронды журналдың толтырылу жағдайыт жауапты маманға жүктелсін.
5. Сынып сағатының мазмұнына және тәрбиелеу мен оқытудың жаңа тәсілдерін енгізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Мектеп меңгерушісі

Хатшы:



А.Шукрибаев

Т.Сариева

**«№55 Ферма-4 бастауыш мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
меңгеруші жапындағы кеңес**

Хаттама № 9

22.04.2024 ж

Үшағаш ауылы

Қатысты - 9 адам

1. Бақылау жұмыстарының БЖБ,ТЖБ-ы қорытындысы
2. Оқушылармен атқарылған көгалдандыру жұмыстарының қорытындысы.
3. Мамыр айында өткізілетін мерекелік іс- шараларды ұйымдастыру туралы
4. Келесі оқу жылында біліктілікті арттырудың курстық жүйесін қалыптастыру.
5. Мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктері жұмысының қорытындылары.
6. Bilimclass.kz электронды журналдың толтырылу жағдайы

Тыңдалады:

1.Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі А.Шукибасев сөзге шығып. ІІІ-тоқсан оқу бағдарламасы толық меңгерілді. Оны мектепте мониторинг жасау арқылы оқушылардың БЖБ, ТЖБ пайыздарынан көруге болатынын айтты.

2. Оқушылармен атқарылған көгалдандыру жұмыстарының қорытындысы бойынша мектеп тәлімгері Т. Тоғанова сөз алды. Мамырдың айында Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға, табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру мақсатында «Таза табиғат» тақырыбында мектеп оқушыларына арналған жасыл желек (Еріктілер акциясы) өткізілді. Акцияға мектеп оқушылары мен мектеп ауласына көшеттер қондыру жұмыстарына бастау жасап мектеп ауласында тазалық жұмыстарын жүргізді.

3. Мамыр айында өткізілетін мерекелік іс- шараларды ұйымдастыру туралы мектеп тәлімгері Т.Тоғанова сөз алды. «1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі» күні бойынша және де 7-9мамыр «Женіс күні» мерекелік іс шаралары өткізілді. Оқушыларға Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істері мен таныстырып, ой өрісін дамыту. Оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру патриоттық сезімге баулып үлкен адамдарды сыйлауға оларды құрметтеуге тәрбиелеу туралы айтып өтілді.

Төртінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі м.а Г.Ергашова сөз алды. Кәсіби шеберлігін арттыру , сай қызмет атқару заманауи педагогикалық- инновациялық әдіс – тәсілдерді меңгеру, ізденіс, зерттеушілік және шығармашылық қызмет дағдыларын , ақпараттық әдіс-тәсілдерді игеру мақсатында педагогтар біліктілік арттыру курстарына қатысты. Әр мұғалімде «Өз білімін жетілдіру» папкалары жүргізіледі . Курстан өткен мұғалімдер мектеп базасында жаңа форматты білім жетілдіру жүйесін қалыптастыруда. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарынан өткен педагогтардың сертификаттары тіркелген, есепке алу журналы бар.

Бесінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі м.а Г.Ергашова сөз алды. 2023-2024 оқу жылының І жылдығындағы бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысын талдау.

Бастауыш сыныптардың әдістемелік бірлестігі "Оқушылардың жеке басы мен шығармашылық әлеуетін және педагогтардың инновациялық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру" тақырыбында жұмыс істейді.

ӘБ мақсаттары:

1. Әдістеме, педагогика және психология саласында қосымша білім алу үшін орта құру.
2. Мұғалімдер мен оқушыларды зерттеу және шығармашылық қызметпен таныстыру.
3. Бастауыш сынып оқушыларын оқытудың білім беру бағдарламаларының жана мазмұнына сәйкес келетін оқыту әдістері мен тәсілдерін жетілдіру.
4. Әр оқушының зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша мектеп мұғалімі Г.Бакирова сөзге шығып Bilimclass.kz электронды журналының толтыру барысы туралы мұғалімдерге электронды журнал қатаң есептегі құжат екендігін және сапалы толтыру керектігін ескертті. Сонымен қатар тоқсан барысында оқушылардың сабаққа қатысымы жайлы сөз қозғады. Оқушылардың сабаққа қатысымы бойынша жасалған мониторингтің қорытындысы бойынша оқушылары көптеп сабақтан қалатын 3-сынып екендігі анықталды.

Қаулы етеді:

1. Бақылау жұмыстарының БЖБ,ТЖБ-ы қорытындысы қанағаттанарлы деп табылсын.
2. Оқушылармен атқарылған көгалдандыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлы.
3. Мамыр айында өткізілетін мерекелік іс- шараларды ұйымдастыру туралы қанағаттанарлы.
4. Келесі оқу жылында біліктілікті арттырудың курстық жүйесін қалыптастыру дайындық қанағаттанарлы деп табылсын.
5. Мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктері жұмысының қорытындылары қанағаттанарлы.
6. Bilimclass электронды журналдың толтырылу жағдайы жауапты маманға жүктелсін.

Мектеп меңгерушісі

Хатшы:



А.Шукибаев

Т.Сариева